



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ – ҚАТЫНАСТЫҢ ШЕТТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ РӨЛІ

Төрөбай Гүлфайруз

gul_super@inbox.ru

«Шетел тілі: екі шетел тілі» кафедрасының 4 курс студентті,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ж.Д.Нуржанова

Қазіргі уақытта жаһандану заманындағы халықаралық байланыстардың күшеюі, экономиканың дамуы мәдениетаралық қарым – қатынастың өркендеуіне алып келді. Бұл өзгерістер білім беру саласына да өз септігін тигізбей қоймады. Оқушылардың тілді үйрену барысында мәдениетаралық қарым – қатынастың рөлі ерекше екендігі байқалды.

Оқушы мектепті бітіргеннен кейін өз елінде немесе кез – келген шет елде білім ала алатындай, бәсекеге қабілетті азамат болып жетілуі қажет. Тіл оқыту бағдарламасы тек сол тілдің грамматикасы мен сөздерін ғана білуден емес, сонымен қатар мәдениеттің өзгешелігін таныстыру, шәкірттің өзге мәдениеттің парағын тану қабілетін өсіруден құралады.

Сондықтан тілді үйренушілер тек қана жаңа жүйемен ғана емес, сонымен қатар өзі оқып жатқан тілдің мәдениетіне де жолығады. Мәдениетаралық қарым – қатынас мәдениет және ұлттар арасындағы бір – бірімен байланысты түсіну болып табылады. Қорыта айтқанда, мәдениетаралық қарым – қатынасқа үйрету – бөгде мәдениетті түсініп, өз мәдениетін меңгеру, жат мәдениет өкілдерінің сөздері мен әрекетін түсіне білу. [1]

Мәдениетаралық қарым – қатынас термині әдебиеттерде ең алғаш рет 1970 жылы тар мағынасында қолданыла бастады. Бұл ұғымға көптеген анықтамалар берілген. Н.И.Халееваның айтуынша «Мәдениетаралық байланыс – коммуниканттар арасындағы вербальды және вербальды емес қарым – қатынас үрдісі». Ал Е.М.Верещагин, В.Г.Костомаровтардың пікіріне сүйенсек «Мәдениетаралық қарым – қатынас ол әр түрлі ұлттық мәдениетке тиесілі қатысымдық актіге қатысушылардың бірін – бірі дұрыс түсінуі». Мәдениетаралық қарым – қатынастың соңғы нәтижесі С.С.Құнанбаеваның ойынша «Мәдениетаралық субъектіні қалыптастыру» болып табылады. Ғалымдардың зерттеулеріндегі пікірлері бойынша «Тіл – бұл мәдениеттің айнасы, мәдениет қазынасы, таратушы құралы, ағылшын тілін оқытудың өзекті мәселесінің шешімі әр түрлі халықтар өкілдерінің арасындағы қарым – қатынас құралы ретінде, сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениеті және әлеммен бірлікте оқытылуы керектігінен құралады» [2, 78 - б].

Сондықтан қазіргі уақытта ағылшын тілі мұғалімдерінің алдында үлкен бір жауапкершілік тұр, ол – студенттерді іргелі дайындықтан өткен жоғары білімді адамдар сияқты қарым – қатынас қабілеттерін барынша дамыту [3, 40- б].

Жанды қарым – қатынас жағдайы туғанда көпшілік өзін – өзі жоғалтып, үнсіз қалады, талқылауға енбейді, ал егер өз көзқарасын қорғауға тырысса, онда қырым – қатынас этикасын бұзып, басқаларға өз пікірін айтуға мүмкіндік бермейді. Кейде баяндама жасағанда, әңгіменің желісінен жаңылысып, кідіріп, тұтығып қалуы мүмкін, ол өз кезегінде тыңдаушылардың күлкісін тудырып, оқушы баяндама жасаудан бас тартуы мүмкін. Бұл мектептерде қарым – қатынастың құрылымдық ережелерімен жұмыс жасамағандықтың белгісі [4, 120 - б].

Қарым – қатынас барысында осындай қиындықтар туындамау үшін алшақтықты толтыра алатын және оқушыларды шынайы қарым – қатынасқа дайындайтын оқыту әдістерін дайындау қажет.

Шетел тілдерін оқыту тарихында екі негізгі жолы айқындалып көрсетілген:

1. қысқартылған коммуникация кезінде ережелерге негізделген тілді үйрену;
2. қарым – қатынас негізінде тілді үйрену.

Шетел тілін үйрену барысында оқушылар әр – түрлі іс – әрекеттер орындайды, сол

арқылы жалпы, коммуникативтік және лингвистикалық құзіреттілігін дамытады.

Жалпы құзіреттілікке оқу қабілеттілігі, экзистенциалды қабілет, ресми білімі, дағды, қабілеті жатады. Жалпы құзіреттілік лингвистикалық болып табылмайды, ол кез келген саланы, оның ішінде қарым – қатынасты да қамтамасыз етеді. Коммуникативтік құзіреттілік негізін қалаушы және белгілі бір жағдайда немесе коммуникативтік ниеттерге сәйкес шетел тілін білу және түсіну қабілеті болып табылады, оған қоса тілдік құралдарды пайдалана отырып қарым – қатынасқа түсе алу.

Қарым – қатынас құзіреттілігі дегеніміз И.А.Бимнің айтуы бойынша шетел тілінде еркін сөйлейтін адаммен мәдениетаралық және тіларалық қарым – қатынасқа қабілеті мен дайындығы. Соған қатысты қарым – қатынас құзіреттілігін келесідей компоненттерге бөлуге болады:

- Грамматикалық немесе лингвистикалық құзіреттілік – лексикалық бірліктерді мағыналы сөздерге айналдыратын грамматикалық ережелер;
- Әлеуметтік – тілдік құзіреттілік – қарым – қатынастың мақсаты мен жағдайына, қарым – қатынасқа түсушілердің әлеуметтік рөліне қарай тиісті тілдік формалар мен құралдары таңдау және пайдалана білу мүмкіндігі. Өз кезегінде байланыс жағдайларының әртүрлі салаларындағы тілдік білімдердің жүйесі мен ережелерін білуді қамтиды;
- Дискурсивті құзіреттілік – әртүрлі функционалдық стилдердің тұтас, дәйекті және логикалық сөздерін оқу және тыңдаудың әртүрлі мәтіндерін оқу кезінде сөйлеудің түріне қарай лингвистикалық құралдарды дұрыс таңдауды қамтиды;
- Әлеуметтік – мәдени құзіреттілік – оқытылып жатқан тілдің елінің дүниесі мен мәдениеті туралы, мәдени ерекшеліктері, әдет – ғұрпы, жүріс – тұрыс нормалары мен этикеті, және оларды тиімді пайдалану туралы идеялардан құралады;
- Прагматикалық құзіреттілік – қарым – қатынас жағдайындағы коммуникативті мазмұнды береді.

Оқушы бойында қарым – қатынас құзіреттілігінің қалыптасқандығын мақсатқа қол жеткізу үшін түрлі мінез-құлық тактикасын қолдану, тұлғааралық қарым-қатынас процесінде туындайтын проблемаларды шешу, рөлдік ойындарға айналысу, қиындықтан шығу жолын таба білуінен көруге болады.

Мәдениеттерді өзара салыстыру арқылы мынандай нәтижені көруге болады; бір мәдениет өкілінің басқа адамдармен араласуы кезінде олардың арасында белгілі бір дәрежеде қиындықтар туындайды. Бұл қиындықтар тілдердің айырмашылықтарымен ғана байланысты емес, сонымен қатар мәдениеттердің де ерекшелігіне байланысты.

Осыған мысал келтіре кететін болсақ, ана тілін үйрену барысында ағылшын тілді студент «leg» және «foot» сөздерінен екі затты көрсе, ал ағылшын тілін енді үйреніп келе жатқан қазақ студент екі сөзден бір ғана затты көреді. Келесі мысалда «dog» сөзін қарастырайық. Бір сыныпта басқалардан озат, үздік оқитын оқушы емтиханды жақсы тапсырып, шет елдегі университетке грант жеңіп алды. Мұғалім осыны естіп, «You are a lucky dog» деп ықыласын білдірді. Бұл сөзді естіген бала, әрине, мұғалімге ренішті түрмен қарап, басқалар да таңырқап қалады. «Иттің баласы», «Ит сияқты» деген сөздер арқылы итті жағымсыз кейіпкер ретінде танымыз, демек оқушыларды түсінуге болады. Батыс елдерінде итті адал дос ретінде қарап, «man's best friend» деген сөз қалыптасқан. Сондықтан итке байланысты тіркестер батыс елдерінде жақсы мағынада қолданылады. «Lucky dog» деген тіркес «жолы болғыш адам» дегенді білдіреді. Осылайша мәдениеттердің арақатынастары мәдени антропологияда «мәдениетаралық қарым – қатынас» атауын алды, әр түрлі формаларда пайда болатын екі мәдениеттер арасында қарым – қатынасты білдіреді.

Жоғарыда келтіргендей қиындықтарды жеңу үшін, мәдениетаралық қарым – қатынасқа үйрететін әдістер қолданылады. Оған мысал ретінде іскерлік ойындарды алуға болады. Мұндағы басты мәселе – әр түрлі рөлдерді орындау мүмкіндігі. Ойындар жаңа шешімдерді игеруге көмектеседі, яғни мәселелерге өзгерістер енгізіп, бұрын қолжетімді болмайтын ақпараттың жолы ашылады.

Шетел тілінде іскерлік ойындарды пайдаланудың негізгі мақсаттары:

- практикалық (сөйлеу) дағдылары мен қабілеттерін жетілдіру;
- оқу материалдарын қолдануды үйрету;
- жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамыту;
- оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру.

Бір жағынан рөлдік ойындар озық тілдік материалды ең тиімді түрде меңгеруге, сөйлеу дағдыларын жетілдіруге, шет тілін меңгеру деңгейін арттыруға көмектеседі. Екінші жағынан мұғалім іскерлік ойындарды ұйымдастыру барысында оқытудың мақсаты мен міндеті оқушылардың шет тілдік деңгейлерімен сәйкес екендігін ескеруі тиіс. Оқушы барлық грамматика ережелерін білуі мүмкін, жаңа сөздердің қазақ тіліндегі баламаларын біледі, соған қарамастан шет тілінде сөйлей алмайды. Тек қана жеткілікті түрде ұйымдастырылған іс – әрекет оқушыны қажетті кәсіби дағдыға жеткізуі мүмкін [5, 377 - б].

Осылайша, шетел тілін үйрену оқытушыларға да, оқушыларға да жаңа талаптар қойып отыр. Осыған байланысты шет тілінде қарым – қатынас жасау алдынғыдай белгілі пәннің аясында немесе грамматиканы оқумен ғана шектеліп қоймай, басқа елдердің мәдениетін құрметтеуге, олардың салтын, дәстүрін білуге, мәдениетаралық байланысқа түсуге, өз елін әлемге танытуға бағытталып отыр. Бүгінгі таңдағы шетел тілін оқытудың негізгі мақсаты – мәдениетаралық қарым – қатынасқа қабілетті білімді де мәдениетті азамат тәрбиелеп шығару. Бұл мақсатқа жетудің ең тиімді жүйесі «тіл – ұлт – мәдениет» үштігін бір – бірімен байланыстыра қарастыру болып табылады. Өйткені, тіл оқытудың бұл қыры тілді мәдениетпен тығыз байланыстырып қарастыруды, соған негізделе отырып оқушылардың бойында тілін үйреніп отырған халықтың салт – дәстүрі, этикасы, наным – сенімі жөніндегі білімін қалыптастыруды талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбдіғали С.Ә. «Әдістеменің кейбір өзекті мәселелері» Әдістеме. Методика. № 1, 2005
2. Вежбицкая А.А. Язык. Культура. Познание / под ред. Кронгауз М.А. – М.: Русские словари, 1997-368 с.
3. Кириллова В.В. Межкультурная коммуникация в процессе создания единого образовательного пространства // сборник докладов IV Всероссийской (с международным участием) Научно-практической конференции. / отв. ред. Н. Чернявская, В.Г. Бурыкина. – Белгород: Изд-во БГИИК, 2013. – 240 с.
4. Зимняя И.А. Компетентностный подход. Каково его место в системе современных подходов к проблемам образования?: (теоретико-методологический подход) // Высшее образование сегодня. – 2006. – № 8.
5. Астафьева О.Н. Информационно-коммуникативная компетентность личности в условиях становления информационного общества // Медиакультура новой России: материалы Междунар. науч. конф. Екатеринбург. – М.: Академический проект, 2007. – Т. 2.

УДК 378.147:811.111

ДИКТОГЛОСС КАК МЕТОДИЧЕСКИЙ ПРИЕМ

Тулегенова Дина

dina.tulegenova.1994@mail.ru

Студентка 4 курса специальности «Иностранный язык: два иностранных языка»

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Ш.Б. Сулейменова

В 90-х годах прошлого века в большинстве западных стран все большую популярность среди исследователей и преподавателей завоевывал особый вид работы с обучающимися на занятии под названием «*диктоглосс*». Данный вид учебно-методической работы направлен на развитие различных коммуникативных и языковых компетенций и творческого